

Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 384/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қазанда № 21445 болып тіркелді. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 30.03.2023 № 117/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 30.03.2023 № 117/НҚ (ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заны 7-1-бабының 20-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2020 жылғы 13 қазандагы
№ 384/НҚ бүйрүғымен
бекітілген

Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.04.2022 № 146/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-1-бабының 20-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) серверлік үй-жай (деректерді өндеу орталығы) – серверлік, активті және пассивті желі жабдығын (телекоммуникациялық) және құрылымдалған кәбілдік жүйелердің жабдығын орналастыруға арналған үй-жай;

4) тұлғалар – цифрлық майнинг бойынша қызметті жоспарлаған/жүзеге асыратын/тоқтататын жеке кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар, сондай-ақ есептеу операцияларын орындау және деректерді өндөу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету бойынша цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қызметтер көрсетуді жоспарлайтын/жүзеге асыратын/тоқтататын жеке кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар;

5) цифрлық майнинг – блокчейн арқылы ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлеудің және өндеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік, энергетикалық қуаттарды пайдалана отырып есептеу операцияларын жүргізу процесі.

2-тaraу. Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру тәртібі

3. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыруды, сондай-ақ цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға есептеу операцияларын орындау және деректерді өндөу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуді жоспарлаған тұлғалар қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын уәкілетті органды ақпараттық жүйе арқылы мынадай мазмұндағы ақпаратпен хабардар етеді:

- 1) заңды тұлғаның/ЖК-ның атауы;
- 2) БСН/ЖСН;
- 3) заңды тұлғаның/ ЖК-ның заңды мекенжайы;
- 4) байланыс деректері (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы);
- 5) заңды тұлғаның/ЖК-ның банктік деректемелері;
- 6) цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалардың есептеу операцияларын орындауды және деректерді өндеуі үшін кешенді есептеу инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша цифрлық майнинг/қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыруға мегаваттағы (МВт/) қажетті қуат;
- 7) жоспарланған жұмыс орындарының саны;
- 8) жоспарланған инвестициялар (тенге);
- 9) IP-мекенжайы (бөлінген IP мекенжайларының пулы);
- 10) кедендік жүк декларациясының көшірмесі және/немесе меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг саласында жабдықтың болуын растайтын құжат;
- 11) цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін деректерді өндөу орталығының орналасқан жері туралы ақпарат;

12) цифрлық майнинг саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжаты;

13) цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыруға электр желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі.

Уәкілетті орган цифрлық майнинг саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлаған ұйымдардың тізбесіне енгізу туралы жауапты ұсынады.

4. Цифрлық майнингті жүзеге асыратын, сондай-ақ цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға есептеу операцияларын орындау және деректерді өндеу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін тұлғалар тоқсан сайын есептің айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін уәкілетті органды ақпараттық жүйе арқылы мынадай мазмұндағы ақпаратпен хабардар етеді:

1) заңды тұлғаның/ЖК-ның атауы;

2) БСН/ЖСН;

3) заңды тұлғаның/ ЖК-ның заңды мекенжайы;

4) байланыс деректері (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы);

5) есепті кезеңдегі тұтыну, кВт/сағат (цифрлық майнинг/(немесе) цифрлық майнинг үшін инфрақұрылымды ұсыну бойынша қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыруға тұтынылатын электр энергиясы туралы ақпарат);

6) цифрлық майнинг үшін пайдаланылатын жабдықтың атауы;

7) цифрлық майнинг үшін пайдаланылатын жабдықтар саны;

8) жұмыс орындарының саны;

9) ағымдағы жылдың соңына дейін жоспарланған инвестициялар (тенге);

10) жақын арадағы 12 айға жоспарланған инвестициялар (тенге);

11) IP мекенжайы (бөлінген IP мекенжайларының пулы);

12) кедендік жүк декларациясының көшірмесі және/немесе меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг саласында жабдықтың болуын растайтын құжат;

13) цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін деректерді өндеу орталығының орналасқан жері туралы ақпарат;

14) цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат;

15) цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыруға электр желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі.

5. Цифрлық майнинг бойынша, сондай-ақ цифрлық майнинг қызметтің жүзеге асыратын тұлғаларға есептеу операцияларын орындау және деректерді өндеу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін, қызметтің тоқтататын тұлғалар, цифрлық майнингті жүзеге асыру

жөніндегі қызметі немесе цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға есептеу операцияларын орындау және деректерді өндеу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету қызметі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, бұл туралы уәкілетті органды ақпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

6. Уәкілетті орган цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерден және (немесе) заңды тұлғалардан, сондай-ақ есептеу операцияларын орындау және цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға деректерді өндеу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жөнінде қызметтер көрсететін ақпаратты алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде электрондық құжат нысанында электрэнергетикасы саласына басшылық ететін мемлекеттік органды мынадай мазмұндағы ақпаратпен хабардар етеді:

1) кедендік жүк декларациясының көшірмесі және/немесе меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг саласында жабдықтың болуын растайтын құжат;

2) цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін деректерді өндеу орталығының орналасқан жері туралы ақпарат;

3) цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат;

4) цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін электр желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі.

6-1. Уәкілетті орган цифрлық майнингті жүзеге асыратын, сондай-ақ цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға есептеу операцияларын орындау және деректерді өндеу үшін кешенді есептеу инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін тұлғалардан ақпарат алғаннан кейін есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інші (он бес) күніне дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 402 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27557 болып тіркелген) Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың тұрған жері және электр энергиясының көлемі туралы мәліметтер нысанына сәйкес қаржы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органды хабардар етеді.